

"Қарағанды облысындағы жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2013 жылғы 12 наурыздағы № 14/05 және Қарағанды облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 141 бірлескен қаулысы және шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2024 жылғы 20 маусымдағы № 39/01 бірлескен қаулысы және Қарағанды облыстық мәслихатының 2024 жылғы 20 маусымдағы № 182 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 24 маусымда № 6614-09 болып тіркелді

Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қарағанды облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. "Қарағанды облысындағы жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2013 жылғы 12 наурыздағы №14/05 және Қарағанды облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы №141 бірлескен қаулысы және шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2317 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бірлескен қаулы және шешімнің қосымшасы осы бірлескен қаулы және шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарағанды облысының әкімі
Облыстық мәслихат төрағасы*

*Е. Булекпаев
Н. Кобжанов*

Қарағанды облысы
әкімдігінің
2024 жылғы 20 маусымдағы
№ 39/01 мен
Қарағанды облыстық
мәслихатының
2024 жылғы 20 маусымдағы
№ 182
бірлескен қаулы мен шешімге қосымша
Қарағанды облысы әкімдігінің 2013
жылғы 12 наурыздағы № 14/05 және
Қарағанды облыстық мәслихатының
2013 жылғы 28 наурыздағы ХІІІ
сессиясының №141 бірлескен қаулысы
мен шешіміне қосымша

Жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері

№	Аудандар мен қалалардың атаулары	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері мынадай құқықтарда болуы мүмкін			
		жеке меншік немесе уақытша жер пайдалану			
		шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін Қазақстан Республикасының азаматтарында (гектар)		ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларда және оның үлестес тұлғаларында (гектар)	
		барлығы	соның ішінде суармалы	барлығы	соның ішінде суармалы
1	Абай ауданы	5	1	5	1
2	Ақтоғай ауданы	10	2	10	2
3	Бұқар жырау ауданы	5	1	5	1
4	Қарқаралы ауданы	28	3	28	3
5	Нұра ауданы	5	1	5	1
6	Осакаров ауданы	5	1	5	1
7	Шег ауданы	3	0,2	3	0,2
8	Балқаш қаласы	5	1	5	1
9	Қарағанды қаласы	2	0,5	2	0,5
10	Приозерск қаласы	3		3	
11	Саран қаласы	5		5	
12	Теміртау қаласы	15	1	15	1
13	Шахтинск қаласы	60		60	